



Qazaqstan Respyblıkasy Zaınnama
jáne quqyqtyq aqparat institutyynyń

JARSHYSY

gylymi-quqyqtyq jýrnal №1 (68)-2022

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz
сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒССҚК 14.02.2022 ж.
№38 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. - з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
– (төраға)
Абайдідинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Бельх В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Ишекков К.А. – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Ғ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Князова А.Ж. – LL.M (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазинов Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Ғ. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қыргызстан)
Финк Д.А. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**

Беттеуші – **Тасирова А.С.**

Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай-батыр даңғ.,
19, С-блогы, 306-каб., тел: 8(7172)26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы.....7

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.К. СӘРПЕКОВ ЕАЭО мүше мемлекеттерде

әкімшілік юстицияны конституцияландыру
перспективалары 13

Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, А.А. ҚАРАЕВ 2030 жылға
дейінгі Қазақстан Республиканың Құқықтық саясаты

тұжырымдамасын іске асыру жарығында
конституциялық құқықтың дамуының кейбір

мәселелері 22

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

А.Қ. ҚАЛДЫБАЕВ, Г.К. ОСПАНОВА

Корпоративтік келісімді бұзудың салдары 32

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

Р.Қ. СӘРПЕКОВ, С.М. РАХМЕТОВ Қазақстан

Республикасының Қылмыстық кодексінде

жазалау жүйесін құру проблемалары..... 43

А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Айыпталушыны

прокурормен сотқа беру және тараптардың
құзыреттілігі парадигмасындағы оның мәртебесі 51

А.Б. БАЙСҰЛТАНОВ Бас бостандығынан

айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтаруды

саралау мәселелері 58

Р.Қ. ДЖИЕМБАЕВ, Т.С. САЛЖЕБАЕВ Қазақстан

Республикасындағы қоғамдық тәртіпті қорғау

жөніндегі мемлекеттік қызметтің ұйымдастырушылық

және құқықтық аспектілері: мүмкіндіктері мен

перспективалары 66

Э.Қ. ИГИСИНОВА, Ж.Ж. ДАВЛЕТБАЕВА

Парасаттылық идеологиясын ілгерілету арқылы

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті

қалыптастыру 76

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану

Ж.З. ЗИЯТОВА, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА

Қылмыстық сотөндүрушілікте зиянды өтеу туралы

шетел мемлекеттерінің заңнамасы

(құқықтық анализ)..... 84

Құқықтық мониторинг

А.Б. ҚАЙЖАҚПАРОВА Қазақстан Республикасының

құқық бұзушылық профилактикасы саласындағы

заңнамасының тиімділігін арттыру туралы мәселеге..... 94

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша заңнаманың мониторингі	103
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан Н.А. НҰРБАЕВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі терминологиялық мәселелер.....	110
Жас ғалым мінбері А.Р. ХАСЕНОВА Пара алудың аяқталу мезеті туралы мәселеге	117
А.Ю. РЫЖАНКОВ (Могилев қ., Беларусь) Шет елдердің заңнамасы бойынша лауазымды тұлғалардың немқұрайлылығының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.....	127
К.Б. ОЛЖАБАЕВА Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің еңбек туралы заңнамасындағы кейбір кемшіліктер және оларды жою жолдары	138
«Жаршының» архивтегі беттері Е.Т. БАЙМОЛДИНОВА Н.М. Акимованың «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне құқықтық мониторингінің кейбір мәселелері» атты ғылыми мақаласына қайта оралғанда.....	146



Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ КОКСОН МОН РК №38
от 14.02.2022 г.)

Состав Редакционного совета

Сарпеков Р.К. – к.ю.н., *Заслуженный деятель
Казахстана (Нур-Султан, Казахстан)*
– (председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (*Барнаул, Россия*)
Белых В.С. – д.ю.н. (*Екатеринбург, Россия*)
Губин Е.П. – д.ю.н. (*Москва, Россия*)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (*Москва, Россия*)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (*Москва, Россия*)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Узила Шапак – д.ю.н. (*Нур-Султан,
Казахстан*)

Главный редактор

Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии

Азер Алиев – PhD (*Киль, Германия*)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (*Саратов, Россия*)
Джангарашев Р.М. – LL.M. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Ишеков К.А. – д.ю.н. (*Москва, Россия*)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Каирбаева Л.К. – PhD (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Киязова А.Ж. – LL.M. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (*Челябинск,
Россия*)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (*Нур-Султан,
Казахстан*)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (*Усть-Каменно-
горск, Казахстан*)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (*Бишкек,
Кыргызстан*)
Финк Д.А. – к.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Верстка – **Тасирова А.С.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж, 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок С, каб. 306, тел.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой
информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №1 (68)-2022

Колонка редакции 9

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ Перспективы конституци-
онализации административной юстиции
в государствах-членах ЕАЭС 13
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, А.А. КАРАЕВ Некоторые
вопросы развития конституционного права в свете
реализации Концепции правовой политики
Республики Казахстан до 2030 года 22

Гражданское и гражданско-процессуальное право

А.К. КАЛДЫБАЕВ, Г.К. ОСПАНОВА
Последствия нарушения корпоративного договора 32

Уголовное право и уголовный процесс

Р.К. САРПЕКОВ, С.М. РАХМЕТОВ Проблемы
построения системы наказания в Уголовном
кодексе Республики Казахстан 42
А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Предание
прокурором суду обвиняемого и его статус
в парадигме компетенции сторон 51
А.Б. БАЙСУЛТАНОВ Вопросы квалификации
уклонения от отбывания наказания в виде лишения
свободы 58
Р.К. ДЖИЕМБАЕВ, Т.С. САЛКЕБАЕВ
Организационные и правовые аспекты государ-
ственной деятельности по охране общественного
порядка в Республике Казахстан: возможности
и перспективы 66
Э.К. ИГИСИНОВА, Ж.Ж. ДАВЛЕТБАЕВА
Формирование антикоррупционной культуры путем
продвижения идеологии добропорядочности 76

Международное право и сравнительное правоведение

Ж.З. ЗИЯТОВА, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА
Законодательство зарубежных стран о возмещении
вреда в уголовном судопроизводстве
(правовой анализ) 84

Правовой мониторинг

А.Б. КАЙЖАКПАРОВА К вопросу о повышении
эффективности законодательства Республики
Казахстан в области профилактики правонарушений 94

СОДЕРЖАНИЕ

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Мониторинг законодательства по уголовным правонарушениям в сфере экономической деятельности	103
Из практики законотворчества на государственном языке	
Н.А. НУРБАЕВА Терминологические вопросы в Гражданском кодексе Республики Казахстан.....	110
Трибуна молодого ученого	
А.Р. ХАСЕНОВА К вопросу о моменте окончания получения взятки	117
А.Ю. РЫЖАНКОВ (г. Могилев, Беларусь) Уголовно-правовая характеристика халатности должностных лиц по законодательству зарубежных стран	127
К.Б. ОЛЖАБАЕВА Некоторые дефекты законодательства о труде медицинских и фармацевтических работников и пути их устранения.....	138
Архивные страницы «Вестника»	
Е.Т. БАЙМОЛДИНОВА Возвращаясь к научной публикации Н.М. Акимовой «Некоторые вопросы правового мониторинга Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения»	146



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №1 (68)-2022

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №38 from 14.02.2022)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – *c.j.s.*, Honored Personality of Kazakhstan (Nur-Sultan, Kazakhstan) – (Chairman)
Abayeldinov E.M. – *d.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – *d.j.s.* (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – *d.j.s.* (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – *d.j.s.* (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – *d.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – *d.j.s.* (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – *d.j.s.* (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – *d.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Malinovski V.A. – *d.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Unzila Shapak – *d.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – *c.j.s.*

Editorial Board members

Azer Aliyev – *PhD* (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – *c.j.s.* (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – *LLM* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Ishekov K.A. – *d.j.s.* (Moscow, Russian)
Kazbayeva A.G. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kairbaeva L.K. – *PhD* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – *LLM* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Konusova V.T. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Nurgazinov B. K. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Nurmagambetov R.G. – *PhD* (Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – *d.j.s.* (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – *c.j.s.* (Bishkek, Kyrgyzstan)
Fink D.A. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**

Layout – **Tasirova A.S.**
Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, tel.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial 11

Constitutional and Administrative Law

R.K.SARPEKOV Prospects for the constitutionalization of administrative justice in the EEU member states 13
L ZHANUZAKOVA, A. KARAEV Some development issues of constitutional law in the light of implementation of the Concept of legal policy in the Republic of Kazakhstan until 2030 22

Civil and Civil Procedure Law

A. KALDYBAYEV, G. OSPANOVA Consequences of breach of corporate contract 32

Criminal law and Criminal procedure

R.K.SARPEKOV, S.M. RAKHMETOV Problems of building a system of punishment in the Criminal code of the Republic of Kazakhstan 43
A.N. AKHPANOV, A.L. KHAN Bringing the accused to the court by the prosecutor and its status in the competence paradigm of the parties 51
A.B. BAISULTANOV Issues of qualification of evasion from serving a sentence of imprisonment 58
R.K. DZHIEMBAYEV, T.S. SALKEBAEV Organizational and legal aspects of state activities for the protection of public order in the Republic of Kazakhstan: opportunities and prospects 66
E. IGISSINOVA, ZH. DAVLETBAYEVA Developing an anti-corruption culture by promoting the ideology of integrity 76

International law and Comparative law

Z.Z. ZIYATOVA, E.N. KALIAKPEROVA Legislation of foreign countries on compensation of damage in criminal proceedings (legal analysis) 84

Legal monitoring

A.B. KAIZHAKPAROVA On the issue of improving the effectiveness of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of crime prevention 94
E.N. KALIAKPEROVA Monitoring of legislation on criminal offenses in the field of economic activity 103

From the lawmaking practice in the official language

N.A. NURBAYEVA Terminological issues in the Civil code of the Republic of Kazakhstan 110

CONTENT

Young researchers' tribune

A.R. KHASSENOVA To the question of the moment of the end of accepting a bribe.....	117
A.Y. RYZHANKOU (Mogilev, Belarus) Criminal-legal characteristics of the negligence of officials under the legislation of foreign countries.....	127
X.B. OLZHABAYEVA Some defects in the labor legislation of medical and pharmaceutical employees and methods to eliminate them.....	138

The archive pages of the «Bulletin»

Y.T. BAIMOLDINOVA Returning to the scientific article by N.M. Akimova «Some issues of legal monitoring of code «On people's health and the health system of the Republic of Kazakhstan»	146
--	-----

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН ЖАЛТАРУДЫ САРАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алтай Бисенұлы Байсұлтанов

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі,
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: baisul@mail.ru

Аннотация. *Бас бостандығынан айыру мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары жүйесіндегі ең қатаң жазалардың бірі болып табылады. Оның жазалау сипаттамасы жазаны өтеу жағдайларына да, сотталған адамның әлеуметтік ортасына да байланысты. Сондықтан пенитенциарлық қылмыстың алдын алудың маңызды бағыты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтаруға қарсы күрес болып табылады.*

Жалтарушылық құқық қорғау органдарының беделіне елеулі нұқсан келтіреді, бой тасалаған адамдарды іздеп ұстау үшін күш-құралдар жұмсалып, олардың қылмысқа қарсы күресудегі басқа да кідірілмейтін міндеттерін шешуге кедергі етеді, азаматтардың тыныштығын бұзады, сондай-ақ олардың қоғамға қауіп туғызатын қылмыскерлерді мемлекет тарапынан күмәнсіз оқшаулатуды қамтамасыз ету қабілетіне сенімсіздігін туғызады. Бұл қылмыс Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде жиі кездесетіндердің бірі болып табылады. Жалтарудың қоғамға қауіптілігі сотталғандарға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу орнын өз бетімен тастап қана қоймай, сонымен қатар жаңа қылмыстар жасау мүмкіндігінде де болып табылады.

Мақалада автор күзеттен және қадағалаудан қашуды сипаттайтын қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығының нормаларын салыстырды, сонымен қатар олардың ерекше белгілері анықтады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан қашу және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару үшін қылмыстық нормалар салыстырылды. Жүргізілген зерттеулер, сондай-ақ күзетілетін мекемеден қашу және күзетілмейтін аумақтан, қадағалаудан бой тасалау жөнінде ғалымдардың ой-пікірлерін талдау негізінде қалам иесі қолданыстағы қылмыстық заңнаманы жетілдіру мақсатында өз ұсыныстарын беріп отыр.

Түйінді сөздер: *қашу, қадағалау, күзет, бас бостандығынан айыру орындары, сотталған, қауіпсіздігі барынша төмен мекеме.*

ВОПРОСЫ КВАЛИФИКАЦИИ УКЛОНЕНИЯ ОТ ОТБЫВАНИЯ НАКАЗАНИЯ В ВИДЕ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ

Байсұлтанов Алтай Бисенович

Начальник Актюбинского юридического института им. М. Букембаева
МВД Республики Казахстан, к. ю.н., полковник полиции,
г. Актөбе, Республика Казахстан; e-mail: baisul@mail.ru

Аннотация. *Лишение свободы является одним из самых строгих наказаний в системе государственных принудительных мер. Характер его наказания зависит как от обстоятельств приговора, так и от социального окружения осужденного. Поэтому важным направлением профилактики пенитенциарной преступности является борьба с уклонениями от отбывания наказания в виде лишения свободы.*

Уклонение наносит серьезный ущерб репутации правоохранительных органов, тра-

тятся силы и средства для розыска и задержания лиц, уклоняющихся от отбывания наказания, препятствует решению ими иных неотложных задач по борьбе с преступностью, нарушает покой граждан, а также вызывает их недоверие способностям государства в обеспечении бессомнительной изоляции преступников, представляющих угрозу для общества. Данное преступление является одним из самых распространенных в пенитенциарной системе Республики Казахстан. Общественная опасность уклонения заключается в том, что осужденные не только самостоятельно покидают место лишения свободы, но и имеют возможность совершить новые преступления.

В статье автор сравнивает нормы уголовного, уголовно-исполнительного права, характеризующие побег от охраны и надзора, а также выявляет их специфические признаки.

Делается сравнительный анализ побегов из мест лишения свободы и уклонений от отбывания наказания в виде лишения свободы. На основании проведенных исследований, а также изучения точек зрения ученых по поводу побега из охраняемых учреждений и уклонение от неохранных территорий, из-под надзора, автор дает рекомендации по совершенствованию действующего уголовного законодательства.

Ключевые слова: побег, надзор, охрана, места лишения свободы, осужденный, учреждение минимальной безопасности.

ISSUES OF QUALIFICATION OF EVASION FROM SERVING A SENTENCE OF IMPRISONMENT

Baisultanov Altay B.

Head of Aktobe Law Institute named after M. Bukembayev of the Ministry of internal affairs of the Republic of Kazakhstan candidate of law, police colonel, Aktobe city, the Republic of Kazakhstan, e-mail: baisul@mail.ru

Abstract. Imprisonment is one of the most severe punishments in the system of state coercive measures. The nature of his punishment depends both on the circumstances of the sentence and on the social environment of the convict. Therefore, an important direction in the prevention of penitentiary crime is the fight against evasion from serving a sentence of imprisonment.

Evasion causes serious damage to the reputation of law enforcement agencies, forces and means are spent to search for and detain persons who evade punishment, prevent them from solving other urgent tasks in the fight against crime, disturb the peace of citizens, and also cause them to distrust the ability of the state to ensure the undoubted isolation of criminals posing a threat to society. This crime is one of the most widespread in the penitentiary system of the Republic of Kazakhstan. The social danger of evasion lies in the fact that convicts not only leave the place of deprivation of liberty on their own, but also have the opportunity to commit new crimes.

In the article, the author compares the norms of criminal, penitentiary law that characterize the escape from protection and supervision, and also identifies their specific features.

A comparative analysis of escapes from places of deprivation of liberty and evasion from serving a sentence in the form of deprivation of liberty is made. Based on the research, as well as the study of scientists' points of view on the escape from protected institutions and evasion from unprotected territories, out of supervision, the author makes recommendations for improving the current criminal legislation.

Key words: escape, surveillance, security, places of deprivation of liberty, convict, minimum security institution.

Кіріспе

Бас бостандығынан айыру мекемелерін тастап кетудің заңдылығын анықтау қашуды және жазаны өтеуден жалтаруды ажырату үшін өте маңызды.

Бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын қылмыстарға қарсы іс-қимыл Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі жұмысының басым бағыты болып табылады. Жазасын өтеп жатқан немесе алдын ала қамаудағы адамдардың жасаған қашуларының қоғамға қауіптілігі мынада, олар сот төрелігін дұрыс іске асыруға және қылмыстық жаза мақсаттарының жүзеге асырылуына кедергі келтіреді, қашу жасалған мекемелерде келеңсіз әлеуметтік-психологиялық жағдай туғызады. Айталық, Қазақстан Республикасы ПМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің статистикалық деректері бойынша түзету мекемелері жүйесінде жиі жасалатын қылмыстар – бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару және қашу, сондықтан әр мұндай бой тасалау түзету мекемесінде қалыпты өмірге іріткі салады, деп айтуға болады. 2021 жылғы статистикалық деректерге сәйкес сотталғандардың түзеу мекемелерінде жазасын өтеуден жалтаруы бойынша 46 фактісі тіркелген болса, бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен қашу – 13 жағдай, оның ішінде 11-і қадағалаудан қашу болып табылады¹. Алайда, барлық күш-жігерге қарамастан, объективті және субъективті себептерге байланысты бұл қылмыстар әлі де азаймай отыр.

Зерттеу әдістері

Осы мақаланы жазу барысында индукция және дедукция әдістері, талдау және синтездеу, құқықтық модельдеу әдістері, формальды-заңдық және салыстырмалы-құқықтық әдістер қолданылды.

Талқылау

Қадағалаудан қашудың алдын алу мәселесіне тоқтала отырып, негізгі терминологияны анықтау қажет, бұл келесі материалды қисынды түрде көрсетуге мүмкіндік береді: арнайы терминдерді дұрыс пайдаланбау іс

жүзінде жағдайды бұрыс құқықтық бағалауға әкелуі мүмкін.

Мысалы, 2021 жылғы қаңтарда күндіз Қостанай қаласында «Рудный-Федоровка» автожолының айналма жолында орналасқан Қостанай облысы бойынша ҚАЖД «УК-161/11 мекемесі» РММ жазасын өтеп жатқан сотталушы Д. бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі өтеуден жалтару мақсатында, қасақана әрекет ете отырып, өндірістік аймақтағы қоршау арқылы өтіп, бас бостандығынан айыру орнынан қашып кетті. Ол өзінің зайыбына алдын ала қоңырау шалып, одан оған киілетін заттар мен азық-түлікті колонияға әкелуін сұраған. Ол таксимен сөмкемен келгенде, ол сөмкені алу үшін колонияның аумағынан шығып, әрі қарай қызметкерлер қадағалауынан, яғни колониядан қашуды шешті. Таксимен ол Қостанай қаласына кетіп, сол күні кешке колония қызметкерлерімен ұсталып, ҚР ҚК 426-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапқа тартылды².

Осы мысалдан қылмыс жасаған сотталушыға қатысты – қадағалаудан қашқаны үшін ҚР Қылмыстық кодексінде қарастырылған 426-бабымен қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұл жерде күзеттен қашу ма әлде қадағалаудан қашу ма, нақты анықтау қажет. Айтылғандар негізінде қадағалаудан қашу ұғымының мазмұнын зерттеу қажеттілігі туындайды.

Қылмыстық заңда «қадағалаудан қашу» ұғымы жоқ. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің «Бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен қашу» 426-бабына жақын «Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару» 427-бабында мынадай іс-әрекеттер сипатталады: «бас бостандығынан айыру орнынан тысқары жерге қысқа мерзімге шығуға рұқсат берілген сотталған адамның шығу мерзімі біткеннен кейін, сол сияқты айдауылсыз жүріп-тұру құқығын пайдаланатын не қадағалауда жүрген сотталған адамның бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын одан әрі өтеуден жалтару мақсатында түзеу мекемесіне қайтып оралмауы»³.

ҚР Қылмыстық кодексінің 427-бабына

¹ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат (департамент) орталығының мәліметтері. [Электрон.ресурс] URL: <https://qatqor.gov.kz> (қаралған күні: 10.02.2022).

² Қостанай қаласының №2 сотының Үкімі. // 2021 жылғы 1 шілде №3911-21-00-1/243 іс.

³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-VҚПЗ. [Электрон.ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (қаралған күні: 15.02.2022).

сәйкес, жазаның бұл түрін өтеуден жалтару – бас бостандығынан айыруға сотталған адамның шығу мерзімі аяқталғаннан кейін бас бостандығынан айыру орнына қайтып келмеуі болып табылады. Осылайша, «түзеу мекемесін тастап кетудің заңдылығы» белгісі іс жүзінде бұл әрекетті қашу емес, жазаны өтеуден жалтару ретінде анықтауға мүмкіндік беретін жалғыз өлшем болып табылады.

Сот төрелігінің тиімділігін бағалау шығарылған сот шешімінің заңдылығы мен әділдігі ғана емес, оның орындалу сапасы да негізге алына отырып жүзеге асырылуға тиіс. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысты шаралар қылмыстық заңда көзделген жазалау мақсаттарына қол жеткізу деңгейімен айқындалады. Бұл мәселені шешу негізінен пенитенциарлық жүйенің қызметінен тұрады.

Қылмыстық кодекстің бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтарғаны үшін жауаптылығы туралы бабы салыстырмалы түрде бас бостандығынан айыруға сотталғандарға бас бостандығынан айыру орындарында жақсы мінез-құлқы үшін қысқа мерзімді демалыстар беріле бастаған кезде пайда болды. Осылайша, ҚР Қылмыстық-атқару кодексінде бас бостандығынан айыру орындарының әкімшіліктеріне сенімді ақтайтын және жаңа құқық бұзушылықтар жасамайтын сотталғандарға осы мекемелерден тыс жерлерге шығуға рұқсат беру құқығын беретін нормалардың болуы сотталғандарды түзеуге қосымша ынталандыру болып табылады [1, 298 б.].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сай бас бостандығынан айырылуға сотталғандарды ерекше жағдайларға (жақын туысының қаза табуы немесе ауыр науқасқа душар болуы, сотталған адамға немесе оның отбасына ауыр табиғи апат салдарынан елеулі материалдық зардап, басқадай ауыр оқиғалар болуына) байланысты қысқа мерзімге түзеу мекемелерінен шығуға рұқсат етілуі мүмкін. Бірақ осындай қысқа мерзімге заңды рұқсат алғандар, жазасын одан әрі өтеуден бұлтару мақсатымен бас бостандығынан айыру мекемесіне келмей қоюы да мүмкін⁴.

Қарастырылып отырған қылмыстардың ұқсастығы екеуі де бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан жалтару бірі күзеттен болса, екіншісі қадағалаудан бой тасалау.

Зерттелетін ұғым арнайы әдебиеттерде де кездеседі, онда «қадағалаудан қашу» деген сөз тіркесі келесі контексте қолданылады: «қоныс колонияларында (елді мекендер колонияларының учаскелерінде) жазасын өтеп жатқан сотталғандар жасаған қадағалаудан қашу» [2, 99 б.; 3, 333 б.].

Осылайша, қазіргі уақытта айырмашылығын анықтауды қажет ететін бірнеше біртекті ұғымдар бар.

Күзетілетін бас бостандығынан айыру орнынан да және айдауылсыз бірақ қадағалауда жүретін қауіптілігі барынша төмен колониялардан да жалтару қолданыстағы заңнамаға сәйкес қашу болып танылады. Сол себепті де «қадағалаудан қашу» санатын анықтау негізіне «қашу» қылмыстық-құқықтық ұғымын алу қажет.

Арнайы әдебиеттерде бұл мәселе бойынша пікірталас жүріп жатыр.

А.Л. Жуйков жазасын өтеп жатқан немесе алдын ала қамауда отырған адам жасаған бас бостандығынан айыру орнынан, қамаудан немесе күзеттен қашу – бұл объектілерді күзету желісін кез келген тәсілмен рұқсатсыз заңсыз еңсеру екенін атап өтті [4, 10 б.]. Алайда, бұл анықтама қадағалаудан қашуды қамтымайды.

Б-Д. Д. Махаков түзеу мекемесінен қашу дегеніміз – жазаны орындау және өтеу тәртібін бұзатын әрекеттерде, қылмыстық сот ісін жүргізуді қалыпты жүзеге асыруда, сондай-ақ мемлекеттік мәжбүрлеуден жалтару ниетін іске асыруда көрініс тапқан қылмыс үшін мемлекеттік мәжбүрлеуге ұшыраған адамның қашуы деп санайды [5, 6 б.]. Зерттелетін анықтама қашу – бұл қашу схемасы бойынша құрастырылған, бұл логика ережелеріне қайшы келеді және оның мазмұны зерттелетін ұғымның мәнін толық ашуға мүмкіндік бермейді. Автордың тым кең ұғымы Қылмыстық кодекстің 426 және 427-баптарында көзделген қылмыстар арасындағы айырмашылықты байқатпайды.

Ш. Гаврилой қашуды «жазаны орындауды жүзеге асыратын адамдарға, күзетшілерге, өзге де қызметкерлерге әсер етпестен немесе зорлық-зомбылықты, қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен, күзетке шабуыл жасаумен және көлік құралдарын, қаруды, киім-кешекті, құжаттарды иеленумен, қызметкерлердің және басқа адамдардың денсаулығына зиян келтірумен не оларды өлтірумен ұштасқан жа-

⁴ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. Алматы. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V. [Электрон.ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234> (қаралған күні: 22.02.2022).

сырын, білдіртпей, айла-амалмен, сондай-ақ ашық түрде сотталғандардың түзеу колониясын қалдыруы» деп анықтады [6, 9 б.]. Бұл анықтама жиі қарама-қайшы белгілердің шамадан тыс жүктелуімен көрінеді.

Қашуды жазасын өтеп жатқан адамның, бас бостандығынан айыру орындарын немесе сотталғандардың, күдіктілердің немесе қылмыс жасағаны үшін айыпталушылардың оқшаулау орындарын заңсыз өз еркімен тастап кетуі ретінде анықтау ең қолайлы болып саналады [7, 142-143 б.].

Нәтижесі

ҚР Қылмыстық кодексінің 426-бабы мемлекеттік мәжбүрлеудің орындалу орнына байланысты қашудың үш түрін бөлуге мүмкіндік береді: бас бостандығынан айыру орындарынан; қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны орындау орындарынан; күзеттен. Бұл жұмыста аталғандардың ішінен алғашқысына көңіл бөлеміз.

2020 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы ІІМ ҚАЖК Қостанай қаласында орналасқан «УК 161/11 мекемесі» РММ қауіпсіздігі барынша төмен мекемесінде жазасын өтеу кезеңінде М. мен А. (адамдар тобы арқылы) бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын одан әрі өтеуден жалтару мақсатында қашып кетті. Сотталған М. жатақханадан өрт сөндіруші арқылы көшеге шығып, қоршау арқылы мекеме аумағынан шықты. Оған еріп сотталған А. да бірге шықты. Олар сотқа өздеріне дене жарақатын салуға тырысқан басқа сотталғанның бірнеше рет агрессия жасау салдарынан мекемеден кетуге шешім қабылдағанын көрсетті. Осыған байланысты ол мекеме қызметкерлеріне жүгінді, бірақ олар әрекет етпеді, сондықтан олар өз өмірлерінен қорқып, прокуратураға өз бетінше жүгіну үшін кетті, бірақ қала карантинге ұшырағандықтан, ол жерде қабылданбады. Олар көп кешікпей мекеме қызметкерлерімен ұсталды. Сотталушылардың әрекеттері адамдар тобымен жасалған бас бостандығынан айыру орнынан қашу ретінде ҚК-нің 426-бабы 2-бөлігінің 1) тармағы бойынша сараланған. Олардың айдауылсыз, тек қадағалауда жүргенін, сол себепті қашу емес ҚК 427 бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтаруға қайта саралау және оларға қы-

сым көрсетілгендіктен тек тиісті органдарға шағымданып келуге, сондай-ақ адамдар тобы болып жасамағаны жөнінде апелляциялық шағымы бұрынғы үкімді өзгерте алмады⁵.

Келесі мысал, Ақтау қаласындағы қатаң тәртіптегі түзеу мекемесінен атышулы қашу. Бір топ сотталғандар травматикалық және басқа да қаруды, қолдан жасалған жарылғыш заттарды қолдану арқылы, күзетшілердің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдана оырып және сыбайластарының көмегімен жаппай қашып кетті. Даладағы сотталғандар сыбайластары трансформатор станциясын істен шығарып, автокөліктерімен күтіп тұрған. Қылмыскерлер қарумен қарауылды жарақаттап, қоршаудан өтіп, кейбірі жаяулап, біреулері өздерін күтіп тұрған көліктерге мініп қашпақ болған. Қашу кезінде 7-уі өлтіріліп, 1-уі сол жерде ұсталды, қалған 13-і қашып үлгерген. Жеті күн ішінде 6-уы ұсталып қалғандары өз өздерін автокөлікте жарған⁶.

Жоғарыда келтіріген екі жағдайда да бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандар түзеу мекемелері шегінен заңсыз шықты. Алайда, қаралып отырған іс-әрекеттің объективті жағына сүйене отырып, бір жағдайда күзетсіз қоршаудан және қадағалаудан, ал екінші жағдайда күзетілетін қорғаудан қашу болғанын көруге болады. Оның үстіне екеуі де бірдей Қылмыстық кодекстің 426 бабының 2 бөлігімен ауыр қылмыс жасаған деп сараланған.

Бас бостандығынан айыру орындарынан қашу кезінде кінәлі тиісті мекемелерді қалдырған сәттен аяқталған қылмыс болып есептеледі. Егер қашуды айдауылсыз жүру немесе мекеме шегінен тыс тұру құқығымен пайдалана алатын адам жасаса, онда бұл қылмыс сотталғанның уақытша болса да бас бостандығынан айыру орнынан кетуін және жазадан жалтаруын тілейтінін дәлелдейтін түзеу мекемесі әкімшілігімен белгіленген бағдарды немесе жүру шекарасын адам өз бетімен өзгерткен кезде аяқталды деп есептеледі [8, 749 б.]. Мұндай әрекеттер, ҚК 427 б. сәйкес, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден жалтару ретінде бағаланады.

Айтарлықтай қиындықты сотталғандардың қауіпсіздігі барынша төмен мекемелер-

⁵ Қостанай облыстық сотының Қылмыстық істер бойынша сот алқасының 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 3999-21-00-1а/75 Қаулысы.

⁶ Ақтау қаласындағы №23 түзету мекемесінен жаппай қарулы қашу туралы ресми ақпарат. [Электрон. ресурсы] - URL: https://www.inform.kz/kz/aktau-kalasyndagy-23-tuzetu-mekemesinen-zhappay-karuly-kashu-turaly-resmi-akparat_a2280643/atp (қаралған күні: 13.02.2022).

ден қашулары туғызып отыр. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерден қалған өзге түзеу мекемелерінен айырмашылығы, ең алдымен, олардың қоршалған аумағы мен арнайы күзеті жоқ. Мұндай орындарда жазасын өтеп жатқан адамдар өз араларында, сондай-ақ қауіпсіздігі барынша төмен мекеме аумағында қарым-қатынастары шектелмеген. Олар азаматтық үлгідегі киім киіп жүре алады, өздерінде ақша мен бағалы заттар ұстай алады, ақшаны шек қоюсыз пайдалана алады, кез келген мөлшерде сәлемдемелер ала алады, қоныс-колониясы орналасқан жердің – елді мекеннің аумағы шегінде еркін жүріп тұра алады, ал мұндай шекара шартты түрде, жергілікті орында ешқандай белгісіз анықталады. Бұл шекарадан сотталған адам абайсыздықпен де өтіп кетуі мүмкін. Сондықтан қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерден қашуды қылмыс ретінде саралау іс-әрекеттің субъективтік жағын мұқият талдауды талап етеді. Мұндай пікірді осы проблеманы зерттеген кейбір авторлар да қолдаған [9, 8 б.; 10, 9 б.], сондай-ақ өз кезінде жоғары сот органдары түсіндіргендей, бұл мекемелерден қашу жөнінде істерді қарау барысында ұстау режимінің ерекшеліктерін (қоршаудың күзеттің жоқтығын) еске алу керек, осы себепті әр жағдайда сотталғанның осы мекемеден өз еркімен кетіп қалуының мән-жайын, осындай іс-әрекет жасауға итермелеген себеп-салдарын, ниетін аса мұқият зерттеп, және жиналған барлық, сондай-ақ жеке басы туралы, дәлелдемелер жиынтығы негізінде оның әрекеттерінде РКФСР ҚК 188 б. (ұлттық заң бойынша бұл ҚР ҚК 426 б.) көзделген қылмыс құрамының бар-жоғы туралы сұрақты шешу қажет⁷.

Осы санаттағы істерді талдай келе, қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерден қашқан адамдардың іс-әрекеттерін республиканың кейбір соттары да дұрыс сараламайтынын байқадық, ал мұның салдары шашыраңқылыққа және заңды бұзуға әкеп соғады. Айталық, мысалы, Атырау қаласының қылмыстық қудалау органдары Б.-нің іс-әрекетін жұмыс орнында жүріп, жазасын

одан әрі өтеуден бой тасалау мақсатымен қоныс-колониясына қайта оралмағаны үшін ҚК 358 б. 1-бөлігімен (қолданыстағы ҚК 426 б.) саралаған. Ал аталған қаланың соты кінәлі айдауылсыз жүру құқығын пайдаланып, жазасын әрі қарай өтеуден бой тасалағанын және мекемеге қайта оралмағанын негізге ала отырып, бұл әрекетті ҚК 359 б. (қолданыстағы ҚК 427 б.) қайта саралаған⁸. Сондай-ақ, дәл осындай жағдайда жасалған Н.-нің іс-әрекеті осы қаланың сотымен ҚК 358 б. 1-бөлігімен (қолданыстағы ҚК 426 б.) сараланған⁹.

Шамамен, дәл осыған ұқсас жағдай еліміздің басқа да өңірлерінде қалыптасқан. Айталық, Жамбыл облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің ЖД 158/5 мекемесінде бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген Т. 2021 жылы мамыр айында таңға жақын Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Шөлдала елді-мекенінде орналасқан түзеу мекемесінің сыртында орналасқан әжетханаға барып, қызметкерлердің жоқтығын пайдаланып, қашып кеткен. Содан жолшыбай автокөлікпен Тараз қаласына жетіп, көшеде мекеме қызметкерімен ұсталған. Осы әрекеттері үшін ҚК 426 б. 1-бөлігімен сотталған¹⁰.

Басқа мысалда, Жамбыл облысы Мерке аудандық сотымен қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жазасын өтеп жүрген сотталған Н. кірпіш зауытында қызметкерлердің қарауымен жұмыс жасап жүріп, айдауылсыз жүру құқығын пайдаланып, қашу жасады, яғни ҚК 427 бабымен көзделген қылмысты жасауға кінәлі ретінде танылды, - деп көрсетілген¹¹. Сөйтіп сот «қашу» мен «жалтарудың» айырмашылығын жоққа шығарып отыр.

Бұрын қойылған сұраққа жауап бере отырып, айырмашылық «күзет» және «қадағалау» сөздерімен анықталатынын атап өткен жөн. Бұл екі ұғым да режим түсінігінде мазмұндалған (ҚР ҚАК 97 бабы)¹². Қылмыстық-атқару заңнамасын зерттей отырып, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқару және өтеу тәртібіне байланысты заң

⁷ Постановление Пленума Верховного суда РСФСР «О судебной практике рассмотрения материалов о переводе осужденных в исправительно-трудовые колонии-поселения и уголовных дел о побегах из этих колоний» от 19 марта 1975 г. // Сборник постановлений Пленумов Верховных Судов СССР, РСФСР и РФ по уголовным делам. 3-издание. Рарог А. И., Бимбинов А. А. (сост.). – М., 2019. – 690 с.

⁸ Атырау қалалық сотының мұрағаты // 1998 жылғы 28 қыркүйектегі № 4-102 іс.

⁹ Атырау қалалық сотының мұрағаты // 2000 жылғы 18 ақпандағы № 3-78 іс.

¹⁰ Жамбыл облысы Жамбыл аудандық сотының Үкімі. // 2021 жылғы 16 шілдедегі №3140-21-00-1/45 іс.

¹¹ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 427 бабы бойынша Республика соттарымен қаралған қылмыстық істерді соттардың қарау практикасының жалтылауы. 2015 жылғы 10 қараша. Талдықорған қаласы.

¹² Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. Алматы. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V. [Электрон. ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234> (қаралған күні: 22.02.2022).

күзетпен қамтамасыз етудің қажеттілігі барлық жағдайда емес, ал қадағалау әрқашан қажет екеніне көз жеткізуге болады.

Айталық, Қазақстан Республикасының ҚАК 143 б. сәйкес қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде сотталғандар күзетсіз, бірақ мекеме әкімшілігінің бақылауында және қадағалауында болады¹³. Ал қадағалаудағы сотталғанның түзеу мекемесіне қайта оралмауы ҚК 427 б. бойынша саралануы тиіс екені бізге мәлім. Демек, бүгінгі таңда аталған қылмыс құрамдарын ажыратуға қатысты қылмыстық заңды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізуге нақты қажеттілік туып отыр.

Біздің ойымызша, қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерден қашу тиісінше 427 бабымен саралануы қажет.

Қорытынды

Айтылған жағдайларды ескере отырып, ҚК «Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару» атты 427 б. өзгеріс енгізген жөн секілді. Осы себептен, ҚК 427 б. жаңа редакциясын былай мазмұндауды ұсынып отырмыз:

«Бас бостандығынан айыру орнынан тысқары жерге қысқа мерзімге шығуға рұқсат етілген сотталған адамның шығу мерзімі біткеннен кейін, сол сияқты айдауылсыз жүріп-тұру құқығын пайдаланатын не қадағалауда жүрген сотталған адамның бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын одан әрі өтеуден жалтару мақсатында түзеу мекемесіне қайтып оралмауы немесе қауіпсіздігі барынша төмен мекемеден өз еркімен кетіп қалуы, егер осы іс-әрекеттер бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі өтеуден жалтару мақсатымен жасалса, - жазаланады».

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: оқу құралы. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 397 б.
2. Пенитенциарная криминология: учебник / под ред. Ю. М. Антоняна, А. Я. Гришко, А. П. Фильченко. – Рязань: Академия ФСИН России, 2009. – 566 с.
3. Кириллов М. А. Побег осужденных как один из проблемных аспектов при организации надзора в колониях-поселениях и на участках колоний поселений // Прикладная юридическая психология. 2016. № 4. С. 98-102.
4. Жуйков А. Л. Уголовная ответственность за побег из места лишения свободы, из-под ареста или из-под стражи: дис. ...канд. юрид. наук. Н. Новгород, 2008. – 214 с.
5. Махаков Б-Д. Д. Уголовно-правовые и криминологические меры борьбы с побегами из мест лишения свободы: дис. ...канд. юрид. наук. М., 2000. – 271 с.
6. Гаврилой В. М. Криминологические меры предупреждения побегов из исправительных колоний: дис. ... канд. юрид. наук. Рязань, 2007. – 274 с.
7. Рахметов, С. М. Преступление против правосудия. Монография. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 280 с.
8. Борчаишвили И. Ш. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Ерекше бөлім. 2-том. – Алматы: Жеті Жарғы, 2021. – 924 б.
9. Мазняк К.В. Побег заключения и борьба с ними: Автореф. дис. ...канд. юрид. наук. – М.: ВШ МВД СССР, 1968. – 15 с.
10. Шевелев Ю.К. Борьба с побегами осужденных из ИТУ: Автореф. дис. ...канд. юрид. наук. – М, 1972. – 18 с.

REFERENCES

1. Agybaev A.N. Qylmystyq quqyq. Erekshe bolim: oqu quraly. 2-bas. – Almaty: Qazaq universiteti, 2018. – 397 b.
2. Penitenciarnaya kriminologiya: uchebник / pod red. Yu. M. Antonyana, A. Ya. Grishko, A. P.

¹³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. Алматы. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V. [Электрон. ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234> (қаралған күні: 22.02.2022).

Fil'chenko. – Ryazan', 2009. – 566 s.

3. Kirillov M. A. *Pobegi osuzhdennykh kak odin iz problemnykh aspektov pri organizacii nadzora v koloniyah-poseleniyah i na uchastkah kolonij poselenij // Prikladnaya yuridicheskaya psihologiya.* 2016. № 4. S. 98-102.

4. Zhujkov A. L. *Ugolovnaya otvetstvennost' za pobeg iz mesta lisheniya svobody, iz-pod aresta ili iz-pod strazhi: dis. ...kand. yurid. nauk. N. Novgorod,* 2008. – 214 s.

5. Mahakov B-D. D. *Ugolovno-pravovye i kriminologicheskie mery bor'by s pobegami iz mest lisheniya svobody: dis. ...kand. yurid. nauk. M.,* 2000. – 271 s.

6. Gavrilov V. M. *Kriminologicheskie mery preduprezhdeniya pobegov iz ispravitel'nykh kolonij: dis. ... kand. yurid. nauk. Ryazan',* 2007. – 274 s.

7. Rahmetov, S. M. *Prestuplenie protiv pravosudiya. Monografiya.* – Almaty: Zheti zhargy, 2007. – 280 s.

8. Borchashvili I. Sh. *Qazaqstan Respublikasynyn Qylmystyq kodeksine tusindirme. Erekshe bolim. 2-tom.* – Almaty: Zheti Zhargy, 2021. – 924 b.

9. Maznyak K.V. *Pobegi zaklyucheniya i bor'ba s nimi: Avtoref. dis. ...kand. yurid. nauk. – M.: VSH MVD SSSR,* 1968. – 15 s.

10. Shevelev YU.K. *Bor'ba s pobegami osuzhdennykh iz ITU: Avtoref. dis. ...kand. yurid. nauk. – M,* 1972. – 18 s.

